

1996 жылғы 12 сәуірдегі N 172 өкіміне өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 592

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 172 өкіміне мынадай өзгерту енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының салымдары бойынша өтемақыны жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен жалпы сомасы 223,2 млн. (екі жүз жиырма үш миллион екі жүз мың) теңге, оның ішінде 1996 жылғы республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл мұқтаждарына арналған шығыстардың есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қаражаты қорының есебінен 148 (жүз қырық сегіз) млн. теңге бөлінсін".

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 543 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр